

**Қазақстан Республикасында хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 41 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 наурызда № 32111 болып тіркелді

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 32-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасында хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 ақпандағы № ҚР ДСМ-11/2020 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20069 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2 тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2023 жылғы 20 наурыздағы  
№ 41 бұйрыққа  
қосымша

# Қазақстан Республикасында хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі - Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі - Кодекс) 7-бабының 32-тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек көрсетуді ұйымдастырудың талаптарын және қағидаларын белгілейді.

2. Осы Стандартта пайдаланылатын терминдер және анықтамалар:

1) бейінді маман – денсаулық сақтау саласы бойынша сертификаты бар, жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкері;

2) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйым (бұдан әрі – ғылыми ұйым) – денсаулық сақтау саласындағы ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті, сондай-ақ медициналық, фармацевтикалық және (немесе) білім беру қызметін жүзеге асыратын ұлттық орталық, ғылыми орталық немесе ғылыми-зерттеу институты;

3) денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) динамикалық байқау – халық денсаулығын жүйелі түрде бақылау, сондай-ақ осы бақылаудың нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету;

5) жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – ЖТМКК) - диагностика мен емдеудің инновациялық, ресурсты қажет ететін және (немесе) бірегей әдістерін пайдалануды талап ететін аурулар кезінде бейінді мамандар көрсететін қызмет;

6) жоспарлы медициналық көмек – көмек көрсетуді белгілі бір уақытқа кейінге қалдыру пациент жай-күйінің нашарлауына алып келмейтін, пациенттің өміріне қатер төндірмейтін аурулар мен жай-күйлер кезінде, сондай-ақ профилактикалық іс-шараларды жүргізу кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

7) кезек күттірмейтін медициналық көмек - пациенттің өміріне анық қатер төндірмейтін, кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

8) клиникалық хаттама (бұдан әрі – КХ) – пациенттің белгілі бір ауруы немесе жай-күйі кезіндегі профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар;

9) медициналық авиация – әуе көлігін тарта отырып, халыққа шұғыл нысанда жедел медициналық көмек беру;

10) медициналық көмек көрсету бірінші деңгейі – медициналық-санитариялық алғашқы көмек мамандарының амбулаториялық, стационарды алмастыратын жағдайларда және үйде медициналық көмек көрсету деңгейі;

11) медициналық көмек көрсету екінші деңгейі – амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың, оның ішінде бастапқы деңгейде медициналық көмек көрсететін мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету деңгейі;

12) медициналық көмек көрсету үшінші деңгейі – жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қолдана отырып, мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде бастапқы және қайталама мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету деңгейі.

13) медициналық мақсаттағы бұйымдар – медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника;

14) медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) - адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін, аурулар мен жай-күйлердің профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді қамтитын халықтың мұқтажына бағдарланған медициналық көмекке алғашқы қол жеткізу орны;

15) медициналық ұйым – негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

16) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі (бұдан әрі – МӘМС) – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасындағы қатынастарды реттейтін, мемлекет белгілейтін нормалар мен қағидалардың жиынтығы;

17) пациент - медициналық көмек көрсетуді талап ететін ауруының немесе жай-күйінің болуына немесе болмауына қарамастан, медициналық қызметтерді тұтынушы болып табылатын (болған) жеке тұлға;

18) профилактика - аурулардың пайда болуының, аурулардың ерте сатыларда өршуінің алдын алуға және өршіп кеткен асқынуларды, ағзалар мен тіндердің зақымдануын бақылауға бағытталған медициналық және медициналық емес іс-шаралар кешені;

19) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) – бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі;

20) шұғыл медициналық көмек – денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау және (немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды қажет ететін кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық көмек.

3. Хирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары:

1) амбулаторлық жағдайда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын;

2) стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін, құрамында хирургиялық бөлімшелері (жалпы және (немесе) кеуде хирургиясы бөлімшелері, колопроктологиялық бөлімшелері және (немесе) мамандандырылған бөлімшелері) және (немесе) төсек-орындары (жалпы және (немесе) кеуде хирургиясы, колопроктологиялық бөлімшелері бар денсаулық сақтау ұйымдары, ғылыми ұйымдарын қамтиды.

Аудандық және қалалық ауруханалардың хирургиялық бөлімшелерінің құрамында "ересектерге арналған хирургиялық", "ересектерге арналған іріңді хирургиялық", "ересектерге арналған проктологиялық" бейіндері бойынша төсектер ашылады.

Көпбейінді қалалық және (немесе) облыстық ауруханалардың құрамында қызмет көрсетілетін әлеуетіне, халықтың санына қарай хирургиялық, іріңді хирургиялық, проктологиялық бөлімшелер ашылады. Дербес іріңді хирургиялық, проктологиялық бөлімшелер болмаған кезде хирургиялық бөлімшелердің құрамында "ересектерге арналған іріңді хирургиялық", "ересектерге арналған проктологиялық", "ересектерге арналған кеуде хирургиялық" бейіндері бойынша төсектер ашылады.

4. Хирургиялық көмек көрсететін ұйымдар қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары:

1) хирургиялық аурулардың, кеуде қуысы мен іш қуысы мүшелерінің жарақаттарының профилактикасы және ерте диагностикалауға, мүгедектік пен солардың салдарынан орын алатын өлімнің профилактикасына бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

2) медициналық көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде сабақтастықты сақтай отырып, дәлелді медицина қағидаттарына негізделген диагностика мен емдеудің заманауи технологиялары мен әдістерін, оның ішінде ЖТМКК қолдана отырып, хирургиялық аурулары, кеуде қуысы мен іш қуысы мүшелерінің жарақаттары бар пациенттерге мамандандырылған медициналық көмек көрсету болып табылады.

5. Осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес халыққа хирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының штат саны анықталады.

6. Хирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен жарақтандыру осы Стандартқа 2-қосымшаға (бұдан әрі – 2-қосымша) сәйкес жүзеге асырылады.

7. Хирургиялық көмек:

ТМККК шеңберінде ("Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысына сәйкес);

МӘМС жүйесінде "Міндетті элеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесін бекіту туралы" (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысына сәйкес);

ақылы негізде "Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21559) болып тіркелген) көрсетіледі.

8. Хирургиялық көмек меншік нысанына және ведомстволық тиістілігіне қарамастан, амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, үйде, шұғыл және жоспарлы нысандарда, медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдарымен көрсетіледі.

## **2-тарау. Хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі**

### **1-параграф. Амбулаторлық жағдайда хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі**

9. Амбулаториялық жағдайда хирургиялық көмек бірінші және екінші деңгейде көрсетіледі.

10. Медициналық көмек көрсетудің бірінші деңгейінде МСАК маманы:

1) хирургиялық аурулардың шағымдары мен симптомдары және кеуде қуысы мен іш қуысы мүшелерінің жарақаттары бар пациенттер жүгінген кезде осы Стандартқа 3-қосымшаға (бұдан әрі – 3-қосымша) сәйкес диагностикалық зерттеулер тағайындайды және оларды екінші деңгейде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымының "жалпы хирургия" мамандығы бойынша бейінді маманына (бұдан әрі - хирург) (аудандық және (немесе) қалалық емхана) диагнозды нақтылау және консультациялық-диагностикалық көмек алу үшін жібереді;

2) 3-қосымшаға сәйкес емдеу іс-шараларын жүргізеді және КХ және хирургтың ұсынымдарына сәйкес хирургиялық аурулардың, кеуде қуысының және іш қуысының жарақаттарының белгіленген диагнозы бар пациенттерге динамикалық байқауды жүзеге асырады;

3) көрсетілімдері бойынша ауруханаға жатқызуға жолдама береді.

Медициналық көмек көрсетудің бірінші деңгейінде хирургиялық аурулары бар пациенттер "Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5

тамыздағы № ҚР ДСМ-75 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23885 болып тіркелген) сәйкес дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етіледі.

11. Медициналық көмек көрсетудің қайталама деңгейінде амбулаториялық жағдайларда хирургиялық көмек екі кезеңмен консультациялық-диагностикалық көмек түрінде ұсынылады.

Бірінші кезеңде пациентті аудандық, ауданаралық, қалалық емхананың (бұдан әрі – емхана) хирургі қарап-тексереді. Қарап-тексеруден кейін емхананың хирургі:

1) диагноз қою, дифференциалды диагностика мақсатында 3-қосымшаға сәйкес пациенттің диагностикалық зерттеулерін тағайындайды;

2) 3-қосымшаға сәйкес және КХ сәйкес медициналық манипуляциялар жүргізеді;

3) көрсетілімдер бойынша "абдоминальды хирургия, кеуде хирургиясы, колопроктология" мамандықтары бойынша даярлықтан өткен көпбейінді қалалық және (немесе) көпбейінді аурухананың хирургына, емханасына (штаттарда болған кезде) және (немесе) консультациялық-диагностикалық орталығына (бұдан әрі – бейінді хирург) жібереді;

4) мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін, оның ішінде стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда ЖТМКК қолдана отырып, шұғыл көрсетілімдер бойынша емдеуге жатқызуға жібереді;

5) мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін, оның ішінде стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда ЖТМКК қолдана отырып, жоспарлы емдеуге жатқызуға жібереді;

6) "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ – 198/2020 бұйрығына (бұдан әрі - № ҚР ДСМ бұйрығы-198/2020) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізеді, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама береді.

Емхана хирургі:

"Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ -175/2020 бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ - 175/2020 бұйрығы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) сәйкес және "Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы

№ ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына (бұдан әрі – бұйрық № ҚР ДСМ-313/2020) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 болып тіркелген) сәйкес есепке алу құжаттамасын рәсімдейді және жүргізеді;

операциядан кейінгі кезеңде стационардан шығарылған пациенттерге бақылау жүргізеді;

хирургиялық аурулары бар пациенттерді динамикалық (диспансерлік) байқауды жүзеге асырады.

Динамикалық (диспансерлік) байқаудың ұзақтығы жеке анықталады және 1 айдан 10 жылға дейінгі уақытты құрайды. Қуыстық операциялар (кеуде және іш қуысы органдары) жасалған пациенттерді бақылау мерзімі кемінде 6 ай құрайды.

12. Екінші кезеңде пациентті бейінді хирург қарап-тексереді.

Қарап-тексеруден кейін бейінді хирург:

1) диагнозды, дифференциалды диагностиканы нақтылау мақсатында 3-қосымшаға сәйкес диагностикалық зерттеулерді тағайындайды;

2) КХ сәйкес емдеуді тағайындайды;

3) бірінші кезеңде амбулаториялық жағдайда бақылау және емдеу үшін ұсыныстар береді;

4) мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін, оның ішінде стационарды алмастыратын және (немесе) стационарлық жағдайларда ЖТМКК қолдана отырып, шұғыл көрсетілімдер бойынша емдеуге жатқызуға жібереді;

5) мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін, оның ішінде стационарды алмастыратын және (немесе) стационарлық жағдайларда ЖТМКК қолдана отырып жоспарлы емдеуге жатқызуға жібереді;

6) № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын жүргізеді, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама береді);

7) № ҚР-ДСМ -175/2020 бұйрығына сәйкес есептік құжаттаманы және № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына сәйкес есептік құжаттаманы ресімдейді және жүргізеді.

## **2-параграф. Стационарды алмастыратын жағдайда хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі**

13. Стационарды алмастыратын жағдайларда хирургиялық көмек тәулік бойы медициналық бақылау мен емдеуді қажет етпейтін және күндізгі уақытта медициналық бақылау мен емдеуді көздейтін жағдайларда екінші деңгейде көрсетіледі, екінші және үшінші деңгейде төсек-орын беріледі.

14. Стационарды алмастыратын жағдайларда хирургиялық көмек көрсету үшін амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының (аудандық және қалалық емханалардың) жанынан амбулаториялық хирургия орталықтары (бұдан әрі – АХО) ұйымдастырылады.

Стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары кезінде (аудандық, көпбейінді орталық аудандық, қалалық (немесе) облыстық көпбейінді ауруханалар, ғылыми ұйымдар) күндізгі хирургиялық стационарлар (бұдан әрі – КХС) ұйымдастырылады.

15. АХО және КХС-ға емдеуге жатқызу диагностикалық зерттеулердің нәтижелері және хирургтың (немесе) бейінді хирургтың консультациялық қорытындысымен медициналық көмек көрсетудің бірінші және екінші деңгейлердің мамандардың жолдамасы бойынша жүзеге асырылады.

16. АХО және КХС-ға емдеуге жатқызуға көрсетілімдер болып табылады:

жолдаманы туындатқан негізгі ауруды емдеу;

хирургиялық аурулардың кешенді диагностикасын жүргізу;

стационарлық жағдайларда хирургиялық араласудан кейінгі операциядан кейінгі бақылау.

17. Хирургиялық араласуды жүргізу үшін АХО және КХС жолдамасына қарсы көрсетілімдер:

1) бар болуы:

анамнезінде аллергиялық реакциялардың, психикалық денсаулықтың бұзылуының болуы, оның ішінде психикаға белсенді заттарды қолдануға байланысты;

декомпенсация сатысында жанама жүретін созылмалы аурулар;

қабыну жағдайындағы ерекше инфекциялар, дерматиттер және экземалар;

2) қанағаттанарлықсыз тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар және операция жасалған пациентке күтім жасау үшін жағдайлардың болмауы.

18. АХО және КХС-да мынадай қажет ететін операциялық араласулар жүргізілмейді :

өкпені ұзартылған желдету;

реанимациялық бөлімше жағдайында пациентті бақылау;

операциядан кейінгі ұзақ бақылау (12 сағаттан астам).

19. Стационарды алмастыратын жағдайларда хирургиялық көмек мыналарды қамтиды:

1) дәрігердің қарап-тексеруі, көрсетілімдер бойынша бейінді мамандардың консультациялары;

2) КХ сәйкес диагностикалық қызметтер, оның ішінде зертханалық, аспаптық және патологиялық-анатомиялық (операциялық және биопсиялық материалды гистологиялық зерттеулер, цитологиялық зерттеулер);

3) КХ сәйкес АХО және КХС жіберуге себеп болған негізгі ауруды емдеу;

4) "Қанды және оның компоненттерін дайындау, қайта өңдеу, сапасын бақылау, сақтау, өткізу номенклатураларын, қағидаларын, сондай-ақ қанды, оның компоненттерін құю қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 қазандағы № ҚР ДСМ-140/2020 бұйрығына (



Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21478 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-140/2020 бұйрық) сәйкес қанмен, оның компоненттерімен қамтамасыз етіледі;

5) № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрыққа сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру;

6) № ҚР-ДСМ -175/2020 бұйрығына сәйкес есептік құжаттаманы және № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына сәйкес есептік құжаттаманы рәсімдеу және жүргізу.

Стационарды алмастыратын жағдайларда хирургиялық операциялар осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша жүргізіледі.

20. Қосымша зерттеулер жүргізу мүмкіндігі болмаған жағдайда, АХО жағдайында жағдайдың нашарлауы кезінде пациентке кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетіледі және медициналық көрсетілімдер болған кезде пациент емдеуді жалғастыру үшін тәулік бойы стационарға жіберіледі.

Операциядан кейінгі алғашқы тәулікте тәулік бойы бақылауды қажет ететін жағдайлар туындаған жағдайда, КХС жағдайында дәрігермен және мейіргермен тәулік бойы пост ұйымдастырылады. Тәулік бойы стационарға ауыстыру тәулік бойы бақылауды қажет ететін жағдай сақталған жағдайда екінші тәулікте жүзеге асырылады.

21. Стационарды алмастыратын жағдайларда бақылауды талап етпейтін жағдайды және емдеуді жалғастыру қажеттілігін жақсарту кезінде пациент үйде одан әрі емдеуге жіберіледі.

### **3-параграф. Стационарлық жағдайда хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі**

22. Тәулік бойы медициналық бақылауды, емдеуді, күтімді, сондай-ақ тамақтанатын төсек-орын беруді көздейтін стационарлық жағдайларда хирургиялық көмек медициналық көмек көрсетудің бірінші және екінші деңгейлердегі мамандарының жолдамасы бойынша жоспарлы тәртіпте және жолдаманың бар-жоғына қарамастан шұғыл тәртіпте көрсетіледі.

Емдеуге жатқызу "Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР ДСМ-27 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27218 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

23. Географиялық қолжетімділікті, кадрлық және материалдық-техникалық ресурстарды, халықтың медициналық көмекті тұтыну көлемін, жедел араласу қаупінің дәрежесін ескере отырып, стационарлық жағдайларда хирургиялық көмек өңірлендіру деңгейлері бойынша көрсетіледі:

бірінші деңгейде – аудандық, нөмірлі аудандық ауруханалар;

екінші деңгейде – көпбейінді орталық аудандық және (немесе) қалалық ауруханалар

;

үшінші деңгейде – қалалық көпбейінді, облыстық көпбейінді ауруханалар;

төртінші деңгейде – Республикалық ғылыми ұйымдар;

24. Стационарлық жағдайда хирургиялық көмек мыналарды қамтиды:

1) дәрігердің күнделікті қарап-тексеру,

2) бөлімше меңгерушісінің келіп түскен кезде және кейіннен қажеттілік бойынша қарап-тексеру;

3) бейінді мамандардың консультациялары (көрсетілімдер болған кезде);

4) КХ-ға сәйкес диагностикалық қызметтер, оның ішінде зертханалық, аспаптық және патологиялық-анатомиялық (операциялық және биопсиялық материалды гистологиялық зерттеулер, цитологиялық зерттеулер) ;

5) емдеуге жатқызуға себеп болған негізгі ауруды емдеу;

6) № ҚР ДСМ-140/2020 бұйрыққа сәйкес канмен, оның компоненттерімен қамтамасыз ету;

7) № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрыққа сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру;

8) № ҚР-ДСМ -175/2020 бұйрыққа сәйкес есептік құжаттаманы және № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына сәйкес есепке алу құжаттаманы рәсімдеу және жүргізу.

25. Стационарлық жағдайларда хирургиялық операциялар осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес өңірлендіру деңгейлері бойынша жүргізіледі.

Ауырлығы бойынша өңірлендіру деңгейіне сәйкес келмейтін және осы деңгейде емдеу мүмкіндігі болмаған пациент келіп түскен кезде мыналар жүргізіледі:

хирургиялық асқынулардың даму қаупін бағалау,

тасымалдау мүмкіндігін бағалау,

пациенттің жағдайын тұрақтандыру және өңірлендіру схемасына сәйкес жоғары деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымына ауысуға дайындық шаралары.

26. Шұғыл көрсетілімдер бойынша хирургиялық араласу КХ сәйкес диагноз қойылған сәттен бастап және стационардағы операцияға көрсетілімдер бойынша жүргізіледі.

27. Медициналық көмекті уақтылы көрсету және асқазан-ішектен қан кетуден болатын өлімді болдырмау мақсатында өңірлендірудің үшінші деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарында КХ сәйкес бейнегастроскоптармен, медициналық бұйымдармен және гемостатистикалық препараттармен жаратқандырылған эндоскопиялық гемостаз (бұдан әрі – ЭГ) орталықтары ұйымдастырылады.

ЭГ өңірлендірудің бірінші және екінші деңгейлердегі денсаулық сақтау ұйымдарында гемостазды ЭГ әдістеріне оқытылған мамандар (хирург, эндоскопист және орта медицина қызметкері) жүзеге асырады.

Өңірлендірудің бірінші және екінші деңгейлердегі денсаулық сақтау ұйымдарында ЭГ жүргізу үшін жабдықтар және (немесе) оқытылған мамандар болмаған кезде хирург, эндоскопист және орта медицина қызметкері құрамында өңірлендірудің үшінші деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарынан мобильдік бригадалар жіберіледі.

28. Өңірлендірудің үшінші деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарының базасында механикалық сарғаю кезінде өт жолдарын декомпрессиялау және КХ сәйкес дуоденоскоптармен, медициналық бұйымдармен және гемостатистикалық препараттармен жарақтандырылған іш қуысының сұйық жинақтамаларын тері арқылы ағызу орталықтары ұйымдастырылады.

Механикалық сарғаю кезінде өт жолдарының декомпрессиясын және іш қуысының сұйықтық жинақтарының тері арқылы ағызылуын қажет ететін өңірлендірудің бірінші және екінші деңгейлердегі денсаулық сақтау ұйымдарының пациенттері өңірлендірудің үшінші деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарына ауыстырылады.

29. Медициналық көмек көрсетудің үшінші деңгейіндегі стационарлық жағдайларда хирургиялық көмекті денсаулық сақтау ұйымының жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге сәйкестігі туралы қорытындысы бар денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді.

Пациенттерді медициналық көмек көрсету үшінші деңгейде көмек алу үшін жіберу "Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21746 тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

#### **4-параграф. Үйде хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі**

30. Үйдегі медициналық көмек хирургиялық аурулары бар пациенттерге МСАК мамандары шақырған, белсенді патронаж жасаған, үйде емдеуді ұйымдастырған кезде (үйде стационар) көрсетіледі.

31. МСАК маманы үйде көмек көрсету кезінде пациентті қарап-тексереді, жүргізілетін диагностикалық зерттеулер мен емдеуді түзетеді, қажет болған жағдайда КХ басшылыққа ала отырып, бейінді мамандардың көрсетілімдері бойынша қосымша зертханалық, аспаптық зерттеулер мен консультацияларды тағайындайды.

#### **3-тарау. Жоспарлы және шұғыл нысанда хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі**

32. Шұғыл медициналық көмек денсаулыққа елеулі зиянның алдын алу және (немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін шұғыл медициналық араласуды талап ететін жағдайлар кезінде, хирургиялық аурулар кезінде:

амбулаториялық жағдайда пациенттің жүгінген жері бойынша медицина қызметкері ;

стационарлық жағдайда шақыруға қызмет көрсететін жедел жәрдем бригадасы медициналық көмек көрсетудің бірінші және екінші деңгейдегі мамандардың, жедел медициналық жәрдем мамандарының жолдамасы бойынша немесе өз бетінше жүгіну бойынша көрсетіледі.

33. Пациенттің орналасқан жері бойынша бейінді маман болмаған кезде "Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21713 болып тіркелген).бұйрығына сәйкес медициналық авиацияны тарта отырып, медициналық көмек көрсетудің екінші және үшінші деңгейіндегі мамандарды жеткізу немесе пациентті екінші және үшінші деңгейлерде медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тасымалдау жүзеге асырылады.

34. Жоспарлы түрде хирургиялық аурулар кезінде медициналық көмек пациенттің өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда және оны көрсетуді кейінге қалдыру белгілі бір уақытқа пациенттің жай-күйінің нашарлауына әкеп соқпайтын жағдайларда көрсетіледі.

Қазақстан Республикасында  
хирургиялық (жалпы,  
абдоминалды, торакалды,  
колопроктологиялық) көмек  
көрсетуді ұйымдастыру  
стандартына  
1-қосымша

### **Хирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының штат саны**

Амбулаториялық жағдайда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында 15 мың тұрғынға 1 (бір) хирург дәрігер лауазымы белгіленеді. Хирург дәрігердің 1 (бір) лауазымына мейіргердің 2 (екі) лауазымы, таңу мейіргерінің 1 (бір) лауазымы белгіленеді.

Стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында 20 төсекке кемінде 1 (бір) хирург дәрігер лауазымы белгіленеді. Тәулік бойы 1 (бір) постқа 20 төсекке кемінде 3 (үш) мейіргер лауазымы белгіленеді. Бөлімше меңгерушісі 40 төсекке 1 (бір) лауазым есебінен тағайындалады.

Таңу мейіргерінің лауазымы 30 төсекке 1 (бір) лауазымнан кем емес, 20 төсекке 1 (бір) лауазымнан кем емес емшара мейіргері, 20 төсекке 1 (бір) лауазымнан кем емес

операциялық мейіргер есебінен белгіленеді. Аға операциялық мейіргердің лауазымы операциялық мейіргерлері мен таңу мейіргерлерінің кемінде 3 лауазымы болған кезде белгіленеді.

Дәрігерлер мен орта медицина персоналы лауазымдарының саны денсаулық сақтау ұйымы басшылығының шешімімен жүктемені ескере отырып өзгереді.

Қазақстан Республикасында  
хирургиялық (жалпы,  
абдоминалды, торакалды,  
колопроктологиялық) көмек  
көрсетуді ұйымдастыру  
стандартына  
2-қосымша  
1-кесте

### Амбулаториялық жағдайда хирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын жаратқандыру

| №  | Медициналық бұйымдардың атауы                              | Минималды саны      |
|--|--|---------------------|
| Амбулаториялық жағдайда хирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын жаратқандыру * |  |                     |
| Хирург кабинеті  |  |                     |
| 1.   | Медициналық қарап-тексеруге арналған кушетка               | 1                   |
| 2  | Медициналық шымылдық                                       | 1                   |
| 3  | Құжаттамаға арналған 2 жаппалы медициналық шкаф            | 1                   |
| 4  | Арнайы киімге арналған медициналық шкаф                    | 1                   |
| 5  | Бой өлшегіш  | 1                   |
| 6  | Медициналық таразы   | 1                   |
| 7  | Өлшеу таспасы  | 1                   |
| 8  | Бүйрек тәрізді науа  | 1                   |
| 9  | Секунд өлшеуіш   | 1                   |
| 10   | Медициналық термометр                                      | 5                   |
| 11   | Артериялық қан қысымын өлшеуге арналған құрылғы (тонометр) | 1                   |
| 12   | Стетофонендоскоп   | 1                   |
| 13   | Медициналық шпатель  | Қажеттілігіне қарай |
| 14   | Негатоскоп   | 1                   |
| 15   | Бактерицидті стационарлық сәулелендіргіш                   | 1                   |
|  | Таңу бөлмесі   | 1                   |
| 1  | Медициналық қарап-тексеруге арналған кушетка               | 1                   |

|    |   |                     |
|----|---|---------------------|
| 2  | Медициналық шымылдық  | 1                   |
| 3  | 2 жаппалы медициналық шкаф  | 1                   |
| 4  | "А" және "В" тобындағы медициналық препараттарына арналған шкаф                       | 1                   |
| 5  | Бір жаппалы медициналық шкаф  | 1                   |
| 6  | Таңу үстелі   | 1                   |
| 7  | Қолға операциялар және манипуляциялар жасауға арналған үстел                          | 1                   |
| 8  | Гипс таңуға арналған үстел  | 1                   |
| 9  | Өлшеу таспасы   | 1                   |
| 10 | Бүйрек тәрізді науа   | 1                   |
| 11 | Артериялық қан қысымын өлшеуге арналған құрылғы (тонометр)                            | 1                   |
| 12 | Медициналық шпатель   | 5                   |
| 13 | Жедел және шұғыл медициналық көмек көрсетуге арналған керек-жарақ жиынтығы            | 1                   |
| 14 | Жүректің тікелей емес массаждау сапасын бақылау функциясы бар автоматты дефибриллятор | 1                   |
| 15 | Қызметкерлердің ЖИТС жұқтыруының алдын алуға арналған кобдиша                         | Қажеттілігіне қарай |
| 16 | Қан тоқтататын ширақ  | 1                   |
| 17 | Операциялық төсек жапқыштарын бекітуге арналған қыстырғыш                             | 1                   |
| 18 | Эластикалық түтіктерге арналған қысқыш  | 1                   |
| 19 | Қан тоқтататын қысқыш (әртүрлі)   | 3                   |
| 20 | "Москит" түріндегі қан тоқтататын қысқыш  | 8                   |
| 21 | Ректалды айна   | 2                   |
| 22 | Хирургиялық науашық зонды (әртүрлі)   | 30                  |
| 23 | Хирургиялық түймелі зонды (әртүрлі)   | 8                   |
| 24 | Қан алуға арналған ине  | 4                   |
| 25 | Хирургиялық ине (әртүрлі)   | 8                   |
| 26 | Хирургиялық ине ұстауыш   | 8                   |
| 27 | Металды ине салғыш  | Қажеттілігіне қарай |
| 28 | Резеңке және полимерлі катетер (жиынтығы)   | Қажеттілігіне қарай |
|    |   |                     |

|    |  |                     |
|----|--|---------------------|
| 29 | Уретралық әйелдер катетері ( жиынтығы)                     | 3                   |
| 30 | Уретралық ерлер катетері ( жиынтығы)                       | 2                   |
| 31 | Тік корцанг  | 2                   |
| 32 | Иілген корцанг   | 8                   |
| 33 | Трахеотомиялық өткір ілгіш                                 | 2                   |
| 34 | Екі тісті хирургиялық ілгіш                                | 3                   |
| 35 | Екі тісті өткір хирургиялық ілгіш                          | 3                   |
| 36 | Тұтқалары ұзартылған, Листон типті сүйек тістеуі           | 2                   |
| 37 | Хирургиялық сорғыш   | 2                   |
| 38 | Көз тамызғышы  | 2                   |
| 39 | Анатомиялық пинцет   | 1                   |
| 40 | Хирургиялық пинцет   | 1                   |
| 41 | Тісті-табанды пинцет                                       | Қажеттілігіне қарай |
| 42 | Металл қапсырмаларды алуға және салуға арналған пинцет     | 12                  |
| 43 | Гипс таңғыштарын кесуге арналған ара                       | 9                   |
| 44 | Бикс ұстауыш   | 2                   |
| 45 | Зарарсыздандыруға арналған дөңгелек қорап                  | 2                   |
| 46 | Зарарсыздандыру құрал-саймандарына арналған үстел          | 1                   |
| 47 | Құрал-саймандарға арналған жылжымалы үстел                 | Қажеттілігіне қарай |
| 48 | Скальпель (жиынтық)  | 6                   |
| 49 | Медициналық бұрандалы орындық                              | 1                   |
| 50 | Ауыз кеңейткіш   | 1                   |
| 51 | Медициналық троакар (жиынтығы )                            | 1                   |
| 52 | Жалпы хирургияға арналған медициналық распатор (эртүрлі)   | 15                  |
| 53 | Ауыз кеңейткіш   | 1                   |
| 54 | Гипсті салуға және алуға арналған құрал-саймандар жиынтығы |                     |
| 55 | Бұғана сынықтарына арналған шендеуіштер                    | 2                   |
| 56 | Білек пен саусақтарды бекітуге арналған шендеуіштер        | 6                   |
| 57 | Қол мен аяққа арналған сым шендеуіштер                     | 1                   |
|    |  |                     |

|                        |   |    |
|------------------------|---|----|
| 58                     | Аяқтарға арналға тасымалдауға жарамды шендеуіш                    | 1  |
| 59                     | Гипс таңғыштарын кесуге арналған қайшылар жиынтығы                | 1  |
| 60                     | Аяқ пен қолға арналған сымдық (сатылық) шендеуіштер               | 2  |
| 61                     | Мұрынға арналған тампондық қысқыштар                              | 2  |
| 62                     | Гипс таңғыштарының шеттерін қайыруға арналған қысқыштар           | 1  |
| 63                     | Дәрі-дәрмектерге арналған шыны шкаф                               | 1  |
| 64                     | Басты ұстауыш (Шанц жағасы)                                       | 1  |
| 65                     | Амбулаториялық көмек көрсетуге арналған шағын хирургиялық жиынтық | 12 |
| 66                     | Зарарсыздандырылған құрал-саймандарды сақтауға арналған камера    | 1  |
| 67                     | Зарарсыздандыру материалын сақтауға арналған бикстер              | 1  |
| 68                     | Стационарлық шам  | 1  |
| 69                     | Жылжымалы медициналық көлеңкесіз шам                              | 2  |
| 70                     | Бактерицидті жылжымалы (стационарлық) сәулелегіш                  | 1  |
| 71                     | Гипсті алуға және салуға арналған құрал-саймандар жиынтығы        | 2  |
| 72                     | Қауіпсіз кәдеге жарату контейнері                                 | 1  |
| Эндоскопистің кабинеті |   |    |
| 1                      | Видеогастроскоп   | 1  |
| 2                      | Видеобронхоскоп   | 1  |
| 3                      | Видеодуоденоскоп  | 1  |
| 4                      | Видеоколоноскоп   |    |
| 5                      | Эндоскоптарды кептіруге арналған машина                           | 1  |
| 6                      | Иілгіш эндоскоптарға арналған жуу машинасы                        | 1  |
| 7                      | Негатоскоп  | 1  |
| 8                      | Анестезиялық заттардың бүріккіші                                  | 1  |
| 9                      | Бактерицидті стационарлық сәулелегіш                              | 1  |

\* - денсаулық сақтау ұйымының құрылымында болған жағдайда функционалды блокты (кабинетті, таңу бөлмесін) жабдықтау;



Денсаулық сақтау ұйымының құрылымында 2 немесе одан да көп бірдей функционалдық блоктар болған жағдайда жабдықтау әрбір функционалдық блок бойынша жүзеге асырылады.

2-кесте

**Стационарлық жағдайда хирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын жарақтандыру\***

| №  | Медициналық бұйымдардың атауы                                  | Минималды саны |
|----|--|----------------|
| 1  | Қабылдау бөліміндегі хирург кабинеті                           |                |
| 2  | Медициналық қарап-тексеруге арналған кушетка                   | 1              |
| 3  | Медициналық шымылдық   | 1              |
